

Бекітемін
«Армантай» бебекшай
бакшасының мектерушісі
Усебова Л.Р. 

Ынтымақты балдырғанбыз, бірлігіміз жарасқан!



Тәрбиеші: Орынбаева Т.

Ермедетова А

Шымкент 2022 жыл

Мақсаты: 1- мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауга тәрбиелеу.

Әдемі аүен ойналады. Зал шарлармен, «1-Мамыр», «Достық», «Бірлік», «Ынтымақ» сөздерімен bezendірілген.

Жүргізуші: Құрметті балалар, әріптестер!

Сөздерді 1- Мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! «Бірлік бар жерде- тірлік бар» дейді дана халқымыз. Бұл сөз тегінен тегін айтылмаса керек.

Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кеңелсін.

Тәрбиеші: «Бірлік бар жерде бақыт бар»

Отан- әр адамның жүргегіне жылы тиер қасиетті сөз. Адам жүрексіз өмір сүре алмайды. Отан- біздің тұған жеріміз, өзіміздің тұған- туысқанымыз, дос- жаранымыз бен тұратын еліміз.

Біздің Отанымыз- Қазақстан.

Қазақстан гимні орындалады.

Республика халқының саны 15 миллиондай.

Жергілік ұлт қазақтармен бірге басқа да 130-дай ұлт өкілдері тұрады. Мұнда ұлтына, нақіліне қарамай барлық халық өкілдері бір-бірімен туысқандай болып кеткен. Қазақстанның шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға барлық ұлт өкілдері белсене қатысып, бірлесе еңбек етіп келеді. Сондықтан 1- мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып аталады. Бүгінгі жиналған ұлт өкілдері өздерінің бірлік, достық мерекесін тойламақ.

Тәрбиеші: Өз сөзімдей жаңға жайлы сөздерің,

Өз көзімдей күлімдейді көздерің.

Дәм тұзымыз араласпсыз әріден,

Дастарқандар жайылады сәнімен

Әдемі әүен ойналады. Зал шарлармен, «1-Мамыр», «Достық», «Бірлік», «Ынтымақ» сөздерімен безендірілген.

Қазақ халқы өте қонақжай халық. Келген қонағын қуана-қуана қарсы алады. Ендеше бірінші қонақтарымызды қарсы алайық.

Индия:(Аяулым,Сарбиназ,Рамамзан) Би: «Хатуба»

Ортақ мекен жер шары

Тәбемізде бір аспан

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан

Ойын: «Тенге алу» Индиядан келген қонақтарға ұсыну.

Грузин:(Диас,Жангелді,Сезім) Би: «Лезгинка»

Ортақ бізге бір Отан,

Ортақ жердің байлығы.

Еңбек ортақ, жыр ортақ,

Ортақ бізге барлығы.

Ойын: «Асық ату».Грузиядан келген қонақтарға ұсыну.

Корея :(Айгүл,Күнайым,Аманжан) Би: «Ұлттық корей биі»

А .К.А Елім менің, жарқыраған, жайнаған,

Бақ біткенде бұлбұл құсы сайраған.

Елім менің биіктігі шарайнам,

Қыран құсы көгінде мың самғаған!

Ұршық иіру. Кореядан келген қонақтарға ұсыну.

Орыс: (Жанар,Мейіржан, Инабат)Би: «Калина»

Ағайын-тұған – бар адам,

Адалдық үшін жааралған.

Бар қымбат туыстық,

Баянды болсын тыныштық!

Ұлттық би «Қамажай» Ресейден келген қонақтарға билету.

Өзбек: (Оралхан, Батыр, Манзура, Айкөркем) Би: «Баригал»

Тілегі бір,

Жүрегі бір.

Достармен біз біргеміз.

Тұыс барда құрыштан

Берік біздің іргеміз!

Ат жарысынан үзінді. Өзбек ағайындардың қатысуымен.

Қазақ: «(Ақниет, Арина, Досхан, Бейбіт)

Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген,

Жөргегімде таныстым мың тіліммен.

Жылағанда жүрегім күн тұтылып,

Қуанғанда күлкімнен күн тәгілген.

Би. «Қара жорға»

Тәрбиеші: Достармен біз біргеміз.

Тұыс барда құрыштан да,

Берік біздің іргеміз!

Жер – анамыз жасайды тарлық кімге,

Кетпеу үшін мәңгілік қалқып тұнде.

Қайталанып, жаңарып айтылады,

Бейбітшілік деген сөз барлық тілде, - дей отырып.,

Тәрбиеші: Сондықтан да біздің мемлекет кешегі бабаларым табыстаған, сәт сайын, сағат сайын қарыштаған Тәуелсіз Қазақстан!

Хор «Атамекен»

Тәрбиеші: «Ел бірлігі – ең асыл қасиет. Бірлік, ынтымақ, сабырлылық пен парасаттылық, ең алдымен өзімізге – қазақтарға керек» деп көргенділікпен Елбасымыз айтқандай, біз сияқты көп ұлтты мемлекеттің даму болашағының бір көзі – Қазақстан халықтарының бірлігі.

Тәрбиеші: Қазақстан сияқты жас мемлекеттің өркендеуінің бір кепілі еліміздегі ынтымақтастық пен бейбіт өмір!

Тәрбиеші: Ендеше, бейбітшілік жасасын!

Тәрбиеші: ынтымақтастық жасасын!

Хормен

Тәрбиеші: Қазақстан жасасын!

Тәрбиеші: Қазақстан халықтарының бірлігі жасасын!

Тәрбиеші: Осымен, бүгінгі мерекелік кешімізді аяқтаймыз.

Сау - саламатта болыңыздар!









